

## Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 141-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын тиімді ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің республикалық форумын дайындау және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын дайындау және оны өткізу жөніндегі бірыңғай операторды анықтасын.

3. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 7

қ а з а н д а ғ ы

№

1 4 1 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумына**

## дайындалу және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс-шаралар атауы	Өткізу мерзімдері	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4
Әдістемелік қамтамасыз ету			
1.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумының сценарий жоспары мен бағдарламасын дайындау	2 қарашаға дейін	АШМ, Ұйымдастыру комитеті, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)
2.	Үлестірілетін материал мен баспа өнімдерін (шақыру билеттері, ауыл шаруашылығы бойынша талдамалық материалдарды қамтитын форум логотипі бар флэш-карта, «Агрожаршы» газеті, «Балалық шағымның аспаны» фильмі, блокноттар, қаламдар) дайындау	9 қарашаға дейін	АШМ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)
3.	Қазақстан Республикасы Президентінің сөйлейтін сөзінің жобасын дайындау	4 қарашаға дейін	АШМ
Ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету			
4.	Ұйымдастыру комитетінің жұмысын қамтамасыз ету	барлық кезеңде	АШМ
5.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумына қатысушылардың тізімін қалыптастыру	3 қарашаға дейін	АШМ, Ұйымдастыру комитеті, Астана, Алматы қалалары мен облыстар әкімдіктері
6.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумының мәртебелі тұлғаларын отырғызу схемасын жасау	5 қарашаға дейін	АШМ, Ұйымдастыру комитеті
7.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумына қатысушыларды отырғызу схемасын жасау	5 қарашаға дейін	АШМ, Ұйымдастыру комитеті
8.	Министрліктер мен ведомстволарды өңірлік делегацияларға бекіту (қосымшаға сәйкес)	1 қарашаға дейін	АШМ, Ұйымдастыру комитеті, орталық мемлекеттік органдар
9.	Форум қатысушыларының келуін және Астана қаласында тұруын қамтамасыз ету	10 – 12 қараша	Астана, Алматы қалалары мен облыстар әкімдіктері
10.	Форум қатысушыларын күтіп алу және орналастыру	10 – 12 қараша	АШМ, орталық мемлекеттік органдар, Астана қаласы әкімдігі
11.	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумына қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету	10 – 12 қараша	ДСМ, Астана қаласы әкімдігі
12.	«Қазақстан» орталық концерт залында агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған республикалық форумын өткізуді ұйымдастыру	11 қараша	АШМ, Астана қаласы әкімдігі

13	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу үшін «Қазақстан» орталық концерт залын безендіруді қамтамасыз ету	6 – 11 қараша	АШМ, Астана қаласы әкімдігі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)
14	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу орнының техникалық жарақтандырылуын (микрофондар, телемониторлар, «Қазақстан» орталық концерт залының жарықтық және дыбыстық дайындалуы) қамтамасыз ету	6 – 11 қараша	АШМ, Астана қаласы әкімдігі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)
15	Форумды өткізу кезінде «Қазақстан» орталық концерт залы ғимаратында кезекшілікті қамтамасыз ету	11 қараша	АШМ, Ұйымдастыру комитеті
Тәуелсіздіктің 20 жылдығындағы АӨК жетістіктерін жария ету			
16	Көрмені ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету	6 – 11 қараша	АШМ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)
17	Инвестициялық жобалардың online режимінде пайдалануға берілуін ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету	1 – 11 қараша	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ (келісім бойынша), Астана, Алматы қалалары мен облыстар әкімдіктері, АШМ
18	Агроөнеркәсіп кешенінің жетістіктері туралы видеофильм дайындау	5 қараша	«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша), Астана, Алматы қалалары мен облыстар әкімдіктері, АШМ
Ақпараттық қамтамасыз ету			
19	Журналистердің тізімін жасау және БАҚ өкілдеріне аккредитация жүргізу	5 қарашаға дейін	АШМ, БАМ
20	Баспасөз парағын дайындау	5 қарашаға дейін	АШМ
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету			
21	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу кезінде «Қазақстан» орталық концерт залы ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету	10 – 11 қараша	ІІМ, ТЖМ
22	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық форумын өткізу орнында және өңірлік делегациялардың жайғасқан жерлерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету	10 – 12 қараша	ІІМ, орталық мемлекеттік органдар, Астана қаласы әкімдігі
Қаржылық қамтамасыз ету			
23	Демеушілік қаражаттар есебінен іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету	1 қарашаға дейін	демеушілер, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша)

**Ескерту:**                    **қысқартылған**                    **сөздердің**                    **толық**                    **жазылуы:**  
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

БАМ – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ